

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары**

22.01.2025 ж. №ДЗ-18 сауалға қатысты

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Ақ жол» ҚДП фракциясы депутаттарының 2025 жылғы 22 қаңтардағы №шығ. ДЗ-18 ұсыныстарын қарау нәтижесінде келесіні хабарлайды.

Ұлттық Банктің **басты мақсаты** – бағаның тұрақтылығы мен қаржы жүйесінің орнықтылығы. Инфляция әлі де басты мәселе болып отыр, себебі ол тікелей **халықтың өмір сүру деңгейіне** әсер етеді. Бағалар жылдам және болжанбаған түрде өскен кезде халықтың **сатып алу қабілеті** төмендейді, бизнес белгісіздікке тап болып, ал экономика **тұрақсыздана** түседі.

Ресми деректерге сәйкес, 2024 жылғы желтоқсанда инфляция 8,6% деңгейінде қалыптасты. 2025 жылдың қаңтарында ол **8,9%-ке** дейін өсті. Алайда халық оны бұдан да жоғары **бағалайды**: 2024 жылғы желтоқсандағы сауалнамаға сәйкес, азаматтар бағаның 13,2%-ке өскенін сезінеді. Сонымен қатар, олардың **күтулері** бойынша, келесі жылы инфляция **14,6%-ға** дейін жететін болады. **Инфляциялық күтулер** – экономикаға тікелей әсер ететін маңызды фактор. Егер халық пен бизнес болашақта бағаның одан әрі өсетініне сенімді болса, онда олар алдын ала жалақыларды көтереді, тауарлар мен қызметтер бағасын ұлғайтады. Бұл инфляциялық шиыршығының қалыптасуына, яғни инфляцияның өздігінен үдеуіне алып келеді.

Мұндай жағдайда базалық мөлшерлемені төмендету елеулі салдарға әкеледі. Егер мөлшерлеме **инфляция деңгейінен** және халықтың, кәсіпорындардың, қаржы ұйымдарының **күтулерінен** төмен болса, онда қазіргі кезде **32,0 трлн теңгені** құрайтын (жалпы депозиттік портфель – 41,3

трлн теңге) теңгелік салымдар депозиттік ставкалардың төмен болуына байланысты өз **тартымдылығын жоғалтып**, айтарлықтай **қысқарады**.

Адамдар бағаны одан әрі жеделдетуді күтіп, тауарлар мен қызметтерді тез тұтына бастайды. Қаражаттардың **валюталық активтерге** аударуы, банк жүйесінен **депозиттердің кетуі**, **қолма-қол ақшаның өсуі**, **жылжымайтын мүлікті** қоса алғанда, баға мен бағамдық күтулердің өсуіне байланысты ұзақ мерзімді тұтыну тауарларын сатып алуы күшейтіледі.

Жылжымайтын мүлік нарығына ақша ағыны бағаның өсуіне әкелетіні сөзсіз, және бұл мемлекеттің тұрғын **үй қолжетімділігін** арттыруға бағытталған барлық әрекеттерін жоққа шығарып, **тұрғын үй мемлекеттік бағдарламаларын** құнсыздандырады.

Өз кезегінде, тұтынушылық сұраныстың артуынан **импорттың өсуі валюта нарығына** қосымша қысым жасайды, өйткені тұтыну тауарларының негізгі бөлігі (тұрмыстық техника, телефондар және т.б.) шетелден әкелінеді.

Айырбас бағамының әлсіреуі және шетел валютасындағы депозиттердің көбеюі ұзақ мерзімді **дедолларизация** үрдісін бұзып, валюталық дағдарысқа әкеледі. Мұндай жағдайда депозиттерді долларландырудың алдыңғы максимумын жаңартылуы да орын алуы мүмкін (2016 жылғы қаңтарда **70%**).

Ұлттық **валютаның** әлсіреуі мен **инфляцияның өсуі халықтың әлауқатына ауыр** соққы жасайды. Ең алдымен, жинақтары жоқ, жалақыдан жалақыға дейін өмір сүретін азаматтар зардап шегеді. **Бизнес** үшін де бұл үлкен қиындықтар туғызады: жоғары инфляция жоспарлау мен есептеулерді күрделендіріп, инвестициялар мен сатып алуларды алдын ала жоспарлауды қиындатады.

Банктер үшін, **қаржыландыру мен кредиттеу көзі** болатын **теңгедегі депозиттер** азайған жағдайда, бұл мөлшерлемелердің төмендеуіне емес, керісінше, өсуіне алып келеді. Нәтижесінде, оң әсердің орнына кері нәтиже аламыз.

Қазіргі **инфляция** деңгейі (8,9%) мен жоғары **инфляция күтілерін** (14,6%) ескере отырып, және дәйексіз ақша-кредит саясаты кезінде базалық мөлшерлеменің 10-12% деңгейінде сақталуы (Сіздің саулығыңда көрсетілгендей) мөлшерлемелердің төмендеуіне алып келмейді. Бұл, ең алдымен, банктер инфляция бойынша күту деңгейінен төмен мөлшерлемелер бойынша кредиттер бермейтініне байланысты. Осы аталғандардың бәрі пайыздық мөлшерлемелер деңгейіне шешуші әсер етіп, олардың төмендеуіне кедергі келтіреді, тіпті базалық мөлшерлеме төмендеген жағдайда да.

Сонымен қатар, базалық мөлшерлеме банктік өнімдердің құнын айқындайтын **жалғыз фактор емес екенін** атап өту маңызды. Олардың құны күтілетін инфляция мен қаржыландыру құнынан бөлек, несие тәуекелдері мен операциялық шығындарды да қамтиды.

Нәтижесінде, қаржы ұйымдарының экономикаға несие беруін шектеуі мемлекеттің одан да белсенді әрі тұрақты араласуын талап етеді және **бюджеттік шығыстардың** айтарлықтай ұлғаюына алып келеді.

Оған қоса, қазіргі бизнес несиелеу үрдістеріне тоқталатын болсақ, **корпоративтік несиелердің** айтарлықтай өсуі байқалады. 2024 жылғы қарашада корпоративтік секторды несиелеу **20,6%-ке** өсіп, **18,8** трлн теңгені құрады, және номиналды мен негізгі ЖІӨ өсуі қарқынынан (жедел деректер бойынша 2024 жылы нақты мәнде 4,8%) айтарлықтай жоғары қалыптасуда.

Сондай-ақ, мөлшерлеменің төмендеуі **инвестициялардың автоматты түрде артуына** әкелмейтінін түсіну маңызды. Бизнес қарыз қаражатының арзандығына емес, нарықтағы және макроэкономикалық жағдайдағы тұрақтылықты, сондай-ақ төлемге қабілетті сұранысқа сүйене отырып инвестиция жасайды.

Қазақстанда негізгі капиталға инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі әрқашанда кәсіпорындардың **жеке қаражаты** болған және болып келеді. Соңғы 10 жылда (2014–2023 жылдар) олардың үлесі жалпы инвестиция көлемінің 60–70%-ын құрады. Ал банктік несиелердің үлесі осы кезеңде орта есеппен 3–7% деңгейінде сақталды.

2018 - 2021 жылдары орта есеппен **9,3%** деңгейінде болған төмен мөлшерлемелер кезеңінде банктік несиелердің инвестициядағы үлесі **3,7%-ті** құрағанын бөлек атап өткен жөн. Алайда, пандемиядан кейінгі 2022-2024 жылдары базалық мөлшерлеме орта есеппен **15%-ке** жеткенімен, банктік несиелердің үлесі айтарлықтай өзгерген жоқ және **3,6%** деңгейінде қалды. Бұл кредиттердің қолжетімділігі негізгі капиталға инвестициялауда **басым рөл атқармайтынын** көрсетеді.

2023 жылы ірі және орта кәсіпорындардың таза пайдасы **14,8** трлн теңгені, ал 2024 жылдың 9 айында – 11,1 трлн теңгені құрады, бұл олардың инвестиция үшін жеткілікті қаржы ресурстарына ие екенін растайды.

Несиелеуді және экономиканың өсуін ынталандыру үшін **мөлшерлеменің негізсіз төмендеуі** әлемнің **басқа елдерінің мысалында** көруге болады. 2021 жылы **Түркия** экономикалық өсуді ынталандыру мақсатында негізгі мөлшерлемені төмендету жолын таңдады. Бұл шешімнің салдарынан инфляция 2020 жылғы желтоқсандағы 14,6%-тен 2022 жылғы қазанда **85,5%-ке** дейін жеделдеп (2024 жылғы желтоқсанда 44,4%), ұлттық валюта **70%-тен** астам құнсызданып, ал **тауарлардың бағасы рекордтық деңгейге** көтерілді. Сонымен қатар, 2022-2024 жылдары Түрік лирасының құнсыздануы **165,7%** құрады. Осыған байланысты адамдар қаржы жүйесіне деген сенімін жоғалтты. 2023 жылы Түркияның Орталық Банкі бұл саясатты өзгертуге мәжбүр болып, негізгі мөлшерлемені **күрт көтерді** – 2023 жылғы ақпандағы 8,5%-тен **2024 жылғы наурызда 50%-ке** дейін.

Дәйексіз ақша-кредит саясатының салдары әлі де байқалып, **жоғары инфляциялық күтулер, жұмыспен қамтудың төмендеуі және өндірістің қысқаруы түрінде** көрініс табуда. Нәтижесінде, Түркия экономикасы әлі де елеулі инфляциялық тәуекелдерге тап болуда. 2025 жылғы қаңтардағы инфляция 42%-ті құрап, бұл **қатаң ақша-кредит саясатын ұзақ уақыт бойы жалғастыру қажеттігін айқындайды.**

Ұлттық Банк осындай қателіктерге жол берген жоқ. Қабылданған қатаң, бірақ уақтылы шаралар 2023 жылғы ақпандағы **21,3%-тен** 2024 жылғы желтоқсанда **8,6%-ке** дейін инфляцияны төмендетуге мүмкіндік берді. Осы бірізді ақша-кредит саясаты арқасында жағдай бақылауда ұсталды.

Қазіргі уақытта, кең ауқымды фискалдық ынталандыру (Ұлттық қордан 6,3 трлн теңгеден астам қаражат бөлінуі), ақша массасының айтарлықтай ұлғаюы, тарифтік реформаның жалғасуы және басқа да **проинфляциялық факторлар** жағдайында, инфляцияны қазіргі деңгейде ұстап тұру үшін базалық мөлшерлеме шешуші рөл атқарады.

Сонымен қатар, Ұлттық Банктің эконометрикалық модельдері ақша-кредит саясатының **ұстамды қатаңдылығысыз инфляция деңгейі едәуір жоғары болатынын** көрсетеді.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Ұлттық Банкі туралы» Заңында белгіленген өзінің рөлін, өкілеттіктерін және жауапкершілігін айқын түсінеді. Сондықтан Ұлттық Банк **инфляцияны 5%-дық нысаналы деңгейге дейін төмендету және баға тұрақтылығын қамтамасыз** ету жөніндегі жұмысын жалғастыратын болады. Ақша-кредит саясатының дәйектілігі **отандық қаржы жүйесіне және ұлттық валютаға** деген сенімнің негізгі факторы болып табылады. Одан ауытқу макроэкономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық жағдай үшін елеулі қауіп төндіреді. Инфляцияның төмен және тұрақты деңгейіне қол жеткізуі Ұлттық Банктің **экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және қолайлы макроэкономикалық жағдай қалыптастыруға қосатын** негізгі рөлі болып табылады.

Сонымен қатар, **БЖЗҚ мен Ұлттық қордың** активтерін басқарушы ретінде Ұлттық Банк **ішкі экономикаға** белсенді түрде **инвестиция жасап келуде**. Ұлттық Банктің басқаруындағы қорлар тарапынан ішкі активтерге салынған инвестиция көлемі **16,3 трлн. теңгені** құрады (Ұлттық қор – 3,7 трлн теңге, БЖЗҚ – 12,6 трлн теңге).

Бағалардың тұрақтылығы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің талдауына негізделген сарапталған шешімдерді талап етеді. Инфляция деңгейі, инфляциялық күтулер, ақша массасының динамикасы, төлем балансының жағдайы және фискалдық саясат – **осы факторлардың барлығы базалық мөлшерлеме бойынша шешімдерімізді айқындайды.**

Үздіксіз және ұстамды қатаң ақша-кредит саясатын жүргізу инфляцияны екі еседен астам төмендетуге мүмкіндік берді – 2023 жылғы ақпандағы 21,3%-тегі ең жоғары деңгейден 2025 жылғы қаңтарда 8,9%-ке дейін. Егер қатаң шаралар қабылданбағанда, **инфляция әлдеқайда жоғары болып қалар еді.**

Қазіргі факторлар жиынтығы, соның ішінде сыртқы белгісіздік, ұстамды қатаң ақша-кредит шарттарын одан әрі сақтауды талап етеді. Ал, мөлшерлемені мерзімінен бұрын төмендету жағдайында айтарлықтай баға қысымы сақталып, инфляциялық процестердің жеделдеуі, долларланудың күшеюі және халық жинақтарының құнсыздануы орын алады.

Ұлттық Банк инфляция бойынша 5%-дық мақсатқа қол жеткізу және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін дәйекті ақша-кредит саясатын жалғастырады Бір реттік шешімдер емес, азаматтардың табысын қорғауға және тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмыс маңызды екеніне сенімдіміз.

**Төраға**

**Т. Сулейменов**

*Орындаушы.: Алмагамбетов Қ.А., Тел.: 3928*

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

Касательно запроса от 22.01.2025г. № исх. ДЗ-18

**Уважаемые депутаты!**

Национальный Банк Республики Казахстан, по результатам рассмотрения предложений депутатов фракции ДПК «Ак жол» от 22 января 2025 года №исх. ДЗ-18, сообщает следующее.

**Основная цель** Национального Банка – ценовая стабильность и устойчивая финансовая система. Инфляция остается ключевой проблемой, потому что она напрямую влияет на **уровень жизни людей**. Когда цены растут быстро и непредсказуемо, снижается **покупательная способность** населения, бизнес сталкивается с неопределенностью, а **экономика становится менее устойчивой**.

Официальные данные показывают, что в декабре 2024 года инфляция составила 8,6%. По итогам января 2025 года, она повысилась до **8,9%**. Однако люди **воспринимают** ее острее: согласно результатам опросов, в декабре 2024 года, граждане ощущают рост цен на уровне 13,2%. Более того, они **ожидают**, что через год инфляция достигнет **14,6%**. **Инфляционные ожидания** – это важнейший фактор, который влияет на экономику. Если люди и бизнес уверены, что цены будут расти быстро, они заранее поднимают зарплаты, увеличивают цены на товары и услуги. Это создает эффект раскручивающейся спирали, когда инфляция подпитывает сама себя.

В таких условиях снижение базовой ставки приведет к серьезным последствиям. Если ставка будет ниже **инфляции и ожиданий** граждан, предприятий и финансовых организаций, **тенговые вклады**, которые на текущий момент составляют **32,0 трлн. тенге** (*при общем депозитном портфеле 41,3 трлн. тенге*), **значительно сократятся** на фоне снижения их **привлекательности из-за низких депозитных ставок**.

Люди начнут ускоренно потреблять товары и услуги в ожидании дальнейшего ускорения цен. Усилятся перевод средств в **валютные активы**, **отток** депозитов из банковской системы, рост **наличных денег**, скупка **потребительских товаров** длительного пользования из-за роста ценовых и курсовых ожиданий, включая **недвижимость**.

Приток денежных средств на рынок недвижимости несомненно вызовет рост цен, что практически обнулит все усилия государства по повышению **доступности жилья** и обесценит **жилищные государственные программы**.

В свою очередь, рост **импорта** в результате потребительской активности будет оказывать давление на **валютный рынок**, так как основная масса потребительских товаров (бытовая техника, телефоны и т.д.) завозится из-за рубежа.

Ослабление обменного курса и увеличение валютных вкладов разрушит долгосрочный тренд на снижение **долларизации** и приведет к **валютному кризису**, при наступлении которого не исключается обновление предыдущего **максимума долларизации** депозитов (**70%** в январе 2016 года).

Ослабление национальной **валюты** и рост **инфляции** сильно ударят по **благополучию граждан**. В первую очередь пострадают те, у кого нет сбережений, и кто живет от зарплаты до зарплаты. Для **бизнеса** это также создаст проблемы: высокая инфляция делает расчеты непредсказуемыми, затрудняет планирование инвестиций и закупок.

Для БВУ на фоне снижения **тенговых депозитов**, которые служат источником **фондирования и кредитования**, ставки на кредиты не снизятся, а скорее увеличатся. Таким образом мы получим обратный эффект.

С учетом **текущей инфляции** (8,9%), а также повышенных инфляционных ожиданий (14,6%) и при непоследовательной ДКП базовая ставка на уровне 10-12% (как упомянуто в Вашем запросе) не приведет к снижению рыночных ставок. Это связано с тем, что БВУ не будут выдавать кредиты по ставкам ниже уровня ожиданий по инфляции. Вкупе все это окажет доминирующее влияние на уровень процентных ставок, препятствуя их снижению даже при уменьшении базовой ставки.

Вместе с тем, важно отметить, что базовая ставка **не является единственным фактором**, определяющим стоимость банковских продуктов. Помимо ожидаемой инфляции и стоимости фондирования, они также учитывают кредитные риски и операционные затраты.

Как итог, из-за ограничения финансовыми организациями кредитования экономики потребуются еще большее и постоянное участие **государства** и существенное увеличение **бюджетных расходов**.

Вместе с тем, если говорить о **текущих трендах кредитования бизнеса**, то **корпоративные кредиты** демонстрируют значительный рост. В ноябре 2024 года объем корпоративных кредитов экономике вырос на **20,6%**, составив **18,8** трлн тенге и значительно **превышает темп роста**

номинального и реального ВВП (по оперативным данным 4,8% в 2024 году в реальном выражении).

Также важно понимать, что снижение ставки не означает автоматического **роста инвестиций**. Бизнес инвестирует не потому, что кредиты дешевые, а потому, что видит стабильность на рынке и в макроэкономических условиях, а также платежеспособный спрос.

Основным источником финансирования инвестиций в основной капитал в Казахстане всегда были и остаются **собственные средства** предприятий, которые за последние 10 лет (2014-2023 годы) составляют **60–70%** от общего объема инвестиций. Банковские кредиты в среднем за аналогичный период занимают **3-7%** от общего объема инвестиций.

Следует отдельно отметить, что в период **низких ставок** в среднем на уровне **9,3%** в 2018-2021 годах, доля банковских кредитов в инвестициях составляла **3,7%**. В постпандемийный период 2022-2024 годов в среднем базовая ставка составила **15%**, однако доля кредитов в инвестициях практически не изменилась, составив **3,6%**. Это говорит о том, что доступность кредитов **не играет главенствующую роль** в инвестициях в основной капитал.

В 2023 году прибыль крупных и средних предприятий составила **14,8 трлн** тенге, а за 9 месяцев 2024 года – 11,1 трлн. тенге, что подтверждает наличие средств для инвестирования.

**Необоснованное снижение ставки** для стимулирования кредитования и роста экономики показательно на **примере других стран мира**. Так, в 2021 году **Турция**, несмотря на рост инфляции, пошла по пути снижения ключевой ставки в целях **ускорения экономического роста**. В результате **инфляция разогналась** с 14,6% в декабре 2020 года до **85,5%** в октябре 2022 года (44,4% в декабре 2024 года), **курс национальной валюты рухнул более чем на 70%**, а **цены на товары взлетели до рекордных уровней**. Более того, за 2022-2024 годы обесценение турецкой лиры составило **165,7%**. На этом фоне люди потеряли доверие к финансовой системе. В ответ на это в 2023 году Центральный банк Турции был вынужден изменить курс, начав **резкое повышение ставки** – с 8,5% в феврале 2023 года до **50% в марте 2024 года**.

Последствия непоследовательной монетарной политики продолжают оказывать негативное влияние, выражаясь в высоких **инфляционных ожиданиях, снижении занятости и сокращении производства**. В результате экономика Турции по-прежнему сталкивается с серьезными инфляционными рисками. Инфляция в январе 2025 года составила **42%**, обуславливая проведение **продолжительной и еще более жесткой денежно-кредитной политики**.

Национальный Банк Казахстана не допустил подобных ошибок. Жесткие, но своевременные меры позволили снизить инфляцию с **21,3%** в феврале 2023 года до **8,6%** в декабре 2024 года. Благодаря последовательной политике удалось удержать ситуацию под контролем.

В настоящее время, в условиях масштабного фискального стимулирования (рекордные изъятия из Нацфонда в сумме порядка 6,3 трлн. тенге), значительного увеличения денежной массы (годовой рост на 19,2% в декабре 2024 года, до 45,7 трлн тенге), продолжающейся тарифной реформы и других **проинфляционных факторов** именно базовая ставка играет важную роль для удержания инфляции на текущих уровнях.

При этом, эконометрические модели Национального Банка демонстрируют, что **без умеренной жесткости** денежно-кредитной политики **уровень инфляции был бы значительно выше.**

Национальный Банк четко осознает свою роль, полномочия и ответственность, определенные Конституцией Республики Казахстан и Законом «О Национальном Банке», поэтому продолжит работу по **снижению инфляции до целевого уровня в 5% и обеспечению ценовой стабильности.** Последовательность денежно-кредитной политики является ключевым фактором доверия к **отечественной финансовой системе и национальной валюте.** Отклонение от нее несет риски для макроэкономической стабильности и социально-экономической ситуации в стране. Достижение низкой и стабильной инфляции является основной ролью Национального Банка в создании благоприятных **инвестиционных условий и обеспечении экономического роста.**

Также следует отметить что, являясь управляющим **ЕНПФ и Нацфонда,** Национальный Банк активно **инвестирует во внутреннюю экономику.** Объем инвестиций во внутренние активы со стороны фондов под управлением Национального Банка составил **16,3 трлн. тенге** (НФ - 3,7 трлн тенге, ЕНПФ - 12,6 трлн тенге).

Стабильность цен требует взвешенных решений, основанных на анализе ключевых макроэкономических показателей. Уровень инфляции, инфляционные ожидания, динамика денежной массы, состояние платежного баланса и фискальная политика – все **эти факторы определяют** наши **решения по базовой ставке.**

Последовательное проведение умеренно жесткой денежно-кредитной политики позволило более чем вдвое снизить инфляцию – с пика 21,3% в феврале 2023 года до 8,9% в январе 2025 года. В отсутствие решительных действий **инфляция оставалась бы значительно выше.**

Текущая конфигурация факторов, включая внешнюю неопределенность, говорит о необходимости дальнейшего поддержания умеренно-жестких условий, а преждевременное снижение ставок в условиях значительного ценового давления лишь ускорит инфляционные процессы, усилит долларизацию и обесценит сбережения граждан.

Национальный Банк продолжит последовательную денежно-кредитную политику, направленную на обеспечение ценовой стабильности и достижение таргета по инфляции в 5%. Уверены, что важны не разовые решения, а системная работа, направленная на защиту доходов граждан и обеспечение устойчивого экономического роста.

**Председатель**

**Т. Сулейменов**

*Исп.: Алмагамбетов К.А., Тел.: 3928*